


Ат әбзелдері мен қару-жарақтары



Орындаған: Токашева А
Тексерген: Егешова Л.А





- **Үзеңгі** – атқа мінуге, сол сияқты ердің үстінде екі аяқты тіреп, нық отыруға, тебінуге мүмкіндік беретін құрал. Ол, негізінен темірден жасалады, әрі оның түрі көп. Қыздар мен әйелдердің үзеңгісі жеңіл әрі оюлы әшекейімен көз тартса, ер адамдар үзеңгісі берік қалың темірден жасалатын болған.

- **Жүген** - қайыс пен былғарыдан жасалып, жылқының басына кигізілетін айыл-тұрман түрі. Жүген негізінен үш түрлі әдіспен жасалады: түйме жүген, өрме жүген, қайыс пен былғарыны қабаттап ызып тігілген түрі.

Түйме жүгенді иленген қайыстан түйіп жасайды. Күнделікті жұмысқа, шаруаға арналғандықтан, оны көп әшекейлемеген.

Өрме жүген түйме жүгенге қарағанда әдемірек әрі мықты болады. Әдетте өрме жүгенді сегіз, он екі таспа өріммен өреді. Бұл өрім түрін халық шеберлері ноқыра деп атайды.



- **Құйысқан** – аттың үстіндегі ертоқымы қия жерде мойнына қарай сырғып кетпес үшін, аттың түп құйрығынан өткізіп, ердің артқы қанжығалығына бекітетін қайыстан жасалатын құрал. Құйысқанның екі жақтауы және жаңбырлық-салпыншақ атты жылқының сауырын жапқан үзбелері болады.
- **Өмілдірік** – жұмсақ қайыстан сәндеп жасалатын, ер артқа қарай сырғып кетпеу үшін, аттың омырауын орай тағылған құрал. Өмілдірік төсбау және айылбас салпыншақтардан тұрады. Төсбаудың міндеті – омыраудағы өмілдірік аттың бауыздауына қарай сырғып кетпеу үшін, бір ұшы төс айылға байланып тұрады.
- **Айыл** – аттың үстіндегі ер-тұрманды нық ұстап тұратын, жалпақтығы екі елі қайыс құрал. Айыл ердің қамшылар жағына бекітіліп, аттың бауырынан өткізіліп, жырымға қосылады. Айылдың міндетіне қарай төс айыл және шап айыл деп бөледі.

- **Ер - тұрман дегеніміз** – салт атқа мінуге арналған әбзел - жабдықтар жиынтығы. Ал ер - тұрман жасайтын шебер ұста ерші деп аталады. Ершілер ерте заманда ерді негізгі үш топқа бөлген: 1) Атаман (бес жасқа дейінгі балалар мінетін ердің өте жеңіл, ықшам әрі қарапайым түрі, 2) Әйелдерге арналған ерлер сүйегі, қаңқасы ауыр әрі алтын, күміс, асыл тастармен, сүйекпен, мүйізбен өте шеберлікпен әшекейленеді. Ер - тұрманға — оған қосымша керекті жабдықтар жатады: тоқым, терлік, тебінгі, үзеңгі, тартпа, өмілдірік, құйысқан, жүген, ноқта, шылбыр, тізгін, аткөрпе, көпшік, кежім, ат жабу, өре, тұсау, кісен.




- **Тоқым** – ер астынан келетін, былғарымен қапталып, киізден жасалған әбзел.
- **Тебінгі** – атқа үзеңгі тимес үшін және киім ат терімен бүлінбес үшін тоқымға жалғасатын әбзел.
- **Терлік** – ат арқасына жұмсақ болу үшін тоқым астына салынатын жұқа киіз.
- **Үзеңгі** – жезден, темірден жасалған атқа міну үшін қолданылатын тұрман.
- **Таралғы** – үзеңгіні ерге қосатын қайыс.
- **Үзеңгілік** – қапталдың таралғы өтетін тесігі.



Кісендер мен тұсаудың түрлері



Ер-тұрманның алғашқы үлгісі. Пазырық қорғаны





- **Өре** – жылқының бір алдыңғы, бір артқы аяғына салынатын әбзел.
- **Шідер** – алдыңғы екі аяғын және артқы бір аяғына салынатын әбзел.
 - **Ашамай** – тайға мінетін бала ері.
 - **Шөлке** – түйенің қамыты.
- **Жазы** – жүк артатын, түйе үстіне қойылатын тұрман.
 - **Мұрындық** – жетектеу (*байлау*) үшін түйе мұрнына көлденең өткізілетін кішкене ағаш. Ол мұрындық, екі тығырық, желбұйдадан тұрады.
- **Желбұйда** – мұрындыққа байланған қысқа жіп.
- **Бұйда** – жетектеу үшін желбұйдаға жалғанған бау.
- **Тығырық** – мұрындық шығып кетпес үшін оның екі жағынан кигізілген былғары шығыршық.

Қазақ ерінің айырмашылығы – қаңқасы ағаштан әрі екі қасы биік келеді. Себебі, қазақ таулы жерлерде көп жүретіндіктен ер үстіндегі адамның тауға шыққанда және түскенде алға не артқа сырғымауы үшін жақсы, әрі ердің қасынан ұстауға керек.

Оның үстіне шу асау аттарды үйреткенде де осындай ерлер өте қолайлы. Үзеңгі бауы да теріден қабаттап тігіледі. Бұл үзеңгіні шірене тепкенде үзіліп кетпеуі үшін керек.



- Сақ армиясының ең негізгі күші **атты әскер** болған. Олар атты меңгергені сонша, соғыс басталса, атқа қонған аруақты ерлер жаудың шебін талқандап қана қоймай, ары бетіне дейін тіліп өте шығатын болған. Бұл туралы Геродот жазбаларында да сақтардың ең озық жетістігі ретінде атты әскердің ролін ерекше бағалайды. Тарихтың атасы былай деп жазады: «Олар салт атпен де, жаяу да соғыса береді.



- **Атты әскер** дегенде, атты әскери арбалардың да сақтардың қолдануы жайында жазбалар сақталған. Мысыр перғауындары мен грек армиясына ғана тән деп келген әскери арбалар мен рыцарлық қару-жарақтар. Ұлы Даланың көшпелі тайпаларының да пайдалануы осы кейінгі жылдары анықталды.



Царица Томирис.

НАЗАРЛАНЫЗҒА РАХМЕТ!!!